

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 93 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына және "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) жоғарыда көрсетілген Ереженің заңнамада белгіленген тәртіппен әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кесіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

К. Ақсақалов

Солтүстік Қазақстан облысы

әкімдігінің

2022 жылғы "29" сәуірдегі

№ 93 қаулысымен

бекітілген

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

Петропавл қаласы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Солтүстік Қазақстан облысының ветеринария саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың осы Ережеге қосымшада көрсетілген ведомствоның бағынысты үйымдары бар.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма коммуналдық мемлекеттік мекеменің үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 150009, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Жамбыл көшесі, 302.

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

12. Басқарма кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

- 1) халықтың денсаулығын адам мен жануарларға ортақ аурулардан қорғау;
- 2) жануарларды аурулардан қорғау және оларды емдеу;
- 3) ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағын басқа мемлекеттерден жүқпалы және экзотикалық аурулардың әкелінуі мен таралуынан қорғау;
- 5) жеке және заңды тұлғалар ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыруы кезінде қоршаған ортаны ластаудың алдын алу және оны жою.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз қызметін басқа да атқарушы билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырады;

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы Заңында белгіленген тәртіппен жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатқа ветеринариялық-санитариялық сараптама жасауды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың лицензияларының қолданылуын тоқтата тұру туралы ұсыныс енгізеді немесе кері қайтарып алуға бастамашылық жасайды;

өз құзыреті шегінде заңнамада белгіленген тәртіппен жергілікті мемлекеттік басқару органдарынан және басқа да ұйымдардан қажетті ақпараттық материалдарды сұратады және алады (сұрау салу негізінде);

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес заңды жеке тұлғалармен шарттар жасасады, мүліктік және өзіндік мүліктік емес құқықтарға ие болады, мемлекеттік органдарда, ұйымдарда өз мүддесін білдіреді;

Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша облыс әкімі және әкімдігі қабылдайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ұсыныстар енгізеді;

өз құзыреті шегінде халықаралық ұйымдармен және шетелдік ұйымдармен бірге қызмет атқарады.

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сактау;

Президенттің, Үкіметтің және өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ облыс әкімінің және әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақтылы орындау;

Мемлекеттік орган қызметінің ашықтығы, оның ішінде "Ашық деректер", "Ашық бюджет", "Ашық НҚА", "Ашық диалог" порталдарын толықтыру және сүйемелдеу жөніндегі жұмысты жүзеге асыру.

15. Функциялары:

- 1) облыстық бюджет жобасын әзірлеу кезінде оған ұсыныс енгізу және Басқармаға жүктелген міндеттер түрғысында оның атқарылуын жүзеге асыру;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесе отырып, халық денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауды ұйымдастыру және өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыру;

3) ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

4) облыстың аумағында орналасқан екі және одан көп ауданда жануарлардың жүқпалы аурулары пайда болған жағдайда, тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы шешім жобасын әзірлеу;

5) осы облыстың аумағында орналасқан екі және одан көп ауданда пайда болған жануарлардың жүқпалы ауруларының ошақтарын жою жөнінде ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгенен кейін тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша шектеу іс-шараларын немесе карантинді тоқтату туралы шешім жобасын әзірлеу;

6) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес жануарлардан алынатын өнім мен шикізатқа ветеринариялық-санитариялық сараптаманы лицензиялау;

7) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеке және заңды тұлғалардан ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалар қабылдау, сондай-ақ рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу;

8) мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) салуды, реконструкциялауды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету;

9) облыстың жергілікті өкілді органына бекіту үшін жануарларды асырау қағидаларын, үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларын, жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру қағидаларын, жануарларды асыраудың санитариялық аймақтарының шекараларын белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізу;

10) мұдделі тұлғаларға жүргізіліп жатқан ветеринариялық іс-шаралар туралы ақпарат беруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

11) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөпті және жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссияларды ұйымдастыру;

12) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты алып қоймай залалсыздандыру (заарсыздандыру) және қайта өндеу;

13) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (заарсыздандырылған) және қайта өнделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу;

- 14) ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру;
- 15) жануарларды аулауды, уақытша ұстауды және жансыздандыруды ұйымдастыру;
- 16) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен аумақты аймақтарға бөлу туралы шешім жобасын әзірлеу;
- 17) уәкілетті органмен келісім бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жоспарын бекіту;
- 18) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар ұйымдастыруды және жүргізуі үйлестіру;
- 19) ветеринариялық препараттардың республикалық қорын қоспағанда, жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасына арналған ветеринариялық препараттарды сақтауды, тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру;
- 20) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды тасымалдау (жеткізу), ветеринариялық паспортты дайындау жөнінде көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру;
- 21) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға қажеттілікті айқындау және процесингтік орталыққа ақпарат беру;
- 22) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дереккордың жүргізілуін ұйымдастыру;
- 23) эпизоотия ошақтары пайда болған жағдайда оларды зерттеп-қарауды жүргізу;
- 24) эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісін беру;
- 25) ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жинақтау, талдау және оларды ветеринария саласындағы уәкілетті органға ұсыну;
- 26) жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, ветеринариялық препараттарды сақтауды және тасымалдауды (жеткізуді), жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізуі ұйымдастыру;
- 27) уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының, сондай-ақ жануарлардың энзоотиялық және басқа да ауруларының профилактикасы, биологиялық материал сынамаларын алу және оларды диагностикалау үшін жеткізу бойынша ветеринариялық іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету;
- 28) ветеринария мәселелері бойынша халықтың арасында ағарту жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;

29) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі іс-шаралар жүргізуді ұйымдастыру;

30) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік комиссияларға қатысу;

31) профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесін әзірлеу;

32) мал қорымдарының (биотермиялық шұнқырлардың) тізіліміне енгізу үшін мал қорымдары (биотермиялық шұнқырлар) туралы деректерді (мәліметтерді) жинауды ұйымдастыру және жинақтау;

33) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

3-тaraу. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мэртебесі, өкілеттіктері

16. Басқарманы басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол мемлекеттік органға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасары болады.

19. Бірінші басшының өкілеттіктері:

1) Басқарманың құрылымдық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты ұйымдары басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) қолданыстағы заңнамаға сәйкес Басқарманың қызметкерлері мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшыларын лауазымға тағайындейді және лауазымнан босатады;

3) Басқарманың қызметкерлері мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшыларын көтермелей мәселелерін шешеді және тәртіптік жазалар қолданады;

4) Басқарманың бұйрықтарына қол қояды, сондай-ақ Басқарма қызметкерлері мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшылары орындауға міндетті нұсқаулар береді;

5) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Басқарманың атынан өкілдік етеді;

6) Басқармада мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етеді;

7) ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етеді;

8) Басқарма қызметкерлерінің сыйайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауына дербес жауапты болады.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін атқаруды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Бірінші басшы өз орынбасарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындаиды.

4-тaraу. Мемлекеттік органдың мүлкі

21. Басқарманың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

22. Басқармаға бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Басқарманың өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тaraу. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің ветеринария басқармасы"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
туралы ережеге
қосымша

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі

1) "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Петропавл қаласының ветеринариялық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

2) "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Айыртау ауданының ветеринариялық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

3) "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Ақжар ауданының ветеринариялық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

- 4) "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Аққайың ауданының ветеринариялық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 5) "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Есіл ауданының ветеринариялық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 6) "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Жамбыл ауданының ветеринариялық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 7) "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Мағжан Жұмабаев ауданының ветеринариялық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 8) "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Қызылжар ауданының ветеринариялық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 9) "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Мамлют ауданының ветеринариялық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 10) "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының ветеринариялық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 11) "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Тайынша ауданының ветеринариялық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 12) "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Тимирязев ауданының ветеринариялық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 13) "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Уәлиханов ауданының ветеринариялық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 14) "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Шал ақын ауданының ветеринариялық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.